

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ  
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК  
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



# ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 4

2022



ALMAGAMBETOVA, A.

**DEVELOPMENT OF LEARNERS' REFLEXIVE SKILLS IN ENGLISH LESSONS**

*This article discusses the concepts of "reflection", "reflexive skills", defines the role of reflexive skills in the process of learning English. The development of reflexive skills is aimed at full awareness of the actions performed by the students. Reflexive exercises and games for the formation of reflexive skills in middle-level students in English lessons are presented.*

**Key words:** reflection, reflexive skills, reflexive exercises, peculiarities of adolescence.

ӘӨЖ 371.4

**Балтабаева, Ш.А.**

*А.Байтұрсынов атындағы*

*Қостанай өңірлік университетінің*

*II курс магистранты,*

*Қостанай, Қазақстан*

**ОТБАСЫ ЖӘНЕ МЕКТЕПТЕГІ ЖАС ЖЕТКІНШЕК БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ  
ӘЛЕУМЕТТІК-АЗАМАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Түйін**

*Бұл мақалада жас жеткіншек білім алушылардың әлеуметтік-азаматтық құндылықтар және оны қалыптастыру жолдары, әдіс-тәсілдері туралы жазылған. Жас жеткіншек білім алушылар үшін оның отбасында алған тәжірибесінің маңыздылығы мен құндылығы көрсетіліп, сонымен қатар отбасы рөлінің маңызы жайлы және отбасы мен мектептің тығыз байланыста болуы керектігі талданған. Жас жеткіншектің саяси, құқықтық, моральдық құқықтарын сақтау және қорғауда отбасының, мектептегі тәрбие жұмыстарының, мемлекеттің, қоғамның үлесі зор екені айтылады.*

**Кілт сөздер:** құндылық, жас жеткіншек, әлеуметтік-азаматтық құндылық, отбасы, құқықтық, моральдық құқықтар.

**1 Кіріспе**

Азаматтық құндылықтарға адалық, құрмет, бостандық, әділет, шын ниет, ынтымақтас-тық, сыпайылық сияқты қасиеттер жататынын айта отырып, осылардың бәрі отбасынан бастау алады. Азаматтардың азаматтық құндылықтарды қолдануы қоғамға тетік ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді және олардың арасындағы қатынастар оң жолмен дамиды.

Бұл құндылықтар әдетте үйде егіліп, оларды ата-анасынан балаларға береді. Сонымен қатар, мектеп – бұл құндылықтарды ұсынатын маңызды орын.

Отбасы – адамзаттың ең әмбебап, ең құнды өнертабысы. Бірде-бір халық, бірде-бір мәдениет отбасынсыз пайда болған жоқ. Отбасының оң дамуына әрбір адам, мемлекет, қоғам, мүдделі [4].

Отбасындағы тәрбие заман талабына сай ғасырлар бойы өзгерістерге ұшырайды. Ол барлық заманда балаға әлеуметтік-тарихи тәжірибе берудің қайнар көзі және ең алдымен, өзара қарым-қатынас тәжірибесінің адамдар арасында делдалдық буыны болды. Жас жеткіншек білім алушылар үшін оның отбасында алған тәжірибесі маңызды және құнды.

Отбасы негізгі тәрбиелік мәні бар баланың ортасы. Бұл Орта тек пәндік- кеңістік, әлеуметтік мінез-құлық, оқиға, ақпарат ретінде ғана емес, сонымен қатар ата-аналардың кез-келген әлеуметтік жағдайы мен педагогикалық мақсатты бағыт беру қабілетіне тікелей байланысты. Сондықтан да отбасындағы қарым-қатынас атмосферасының өзі тәрбиеге айналады.

Отбасында жас жеткіншек білім алушылар саяси білім мен стереотиптерден алғашқы сабақ алады мінез-құлық, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміне ие болады. Ағылшын филосо-

фы Ф. Бэкон ол былай деп жазды: "Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады"[2]. Демек, бұл үдеріске ата-аналар және бір отбасындағы ағалы-інілер мен апалы-сіңділер қатысады, сол себепті де әлеуметтік-азаматтық құндылық қалыптасады.

## **2 Материалдар мен әдістер**

Бұл тақырыпты алдымен отандық ғалымдардың мақалаларынан зерделеп шығып, шетелдік педагогикалық зерттеушілердің жұмыстарымен салыстырдым. Өзімнің мұғалімдік тәжірибемдегі, яғни сыныпта, сыныптан тыс іс-шаралар мен сабақтарда өткізген ұлттық-рухани, отбасы, патриоттық құндылықтарды қалыптастыру жолдарын және отбасымда көрген өз тәрбиемді жұмыс барысында байланыстыра отырып, осы мақаланы жазып отырмын. Әсіресе, әлеуметтік-азаматтық құндылықтарын қалыптастыруға көңіл бөлдім. Соның ішінде жас жеткіншек білім алушылардың басты ұстанымы шыншыл, адал, жауапты, ізет-құрмет сияқты құндылықтарға баулуды жүзеге асырдым.

## **3-4 Нәтижелер мен талқылау**

Отбасы мен мектептің тәрбиелік күш-жігерін біріктіре отырып шешу қажет. Ол үшін мектептің басқару жүйесінде:

білім беру мекемелерінде ата-аналарды жаппай оқытуды;

тәрбие жұмысына (үйірмелер мен секциялар) ата-аналарды;

сынып және мектеп ата-аналар жиналысын, сонымен қатар аудандық (қалалық); ата-аналарды мектеп Кеңесі мен ата-аналар комитеттерінің құрамын ұйымдастыру; топтық және жеке ата-аналарға кеңес беру; ең жақсысын зерттеу, жалпылау және тарату тәжірибесін жинақтау; оны жүйелі түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау керек. [1]

Менің педагог ретінде басты міндеттерімнің бірі – жас жеткіншек білім алушылардың әлеуметтік-азаматтық құндылықтарын қалыптастыру. Бұл ұғым жас жеткіншекке саяси, құқықтық, моральдық құқықтар мен міндеттерін көрсетеді және адамдардың өз мемлекетіне, қоғамға саналы да жауапты қатынасын талап етеді. [5.] Ол бастауыш сыныпта бала белсенді мақсатты жолға түскен кезде басталуы тиіс. Әлеуметтік-азаматтық құндылықтарды түсіну деңгейін арттыру үшін, сабақта "патриоттық тәрбие-қоғам бірлігінің рухани-адамгершілік жағдайының іргетасы", "Мен өз елімнің азаматымын", "Туған өлкем – Қостанайым" атты тәрбие сағаттарын қолдануға болады: жалпы мақсаты – әлеуметтік-азаматтық құндылықтарды қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру, азаматтық ұстанымды қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларының зияткерлік, рухани-адамгершілік және дене дамуы, оларды Отанды қорғауға дайындау, дағдыларды үйрету төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстау, өзіне және басқаларға көмектесу сияқты құндылықтар қалыптасады. Жас жеткіншектің әлеуметтік-азаматтық құндылықтары сабақтан тыс уақытта қалыптасады, яғни әлемді, өзін таниды, осы кезде өзінің сана-сезімін, адамгершілік және әлеуметтік көзқарасын, өз қызметін жүзеге асырады. Сондықтан қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Әлеуметтік-азаматтық құндылықтарды заманауи білім беру технологияларын – ойын, жобалау, ақпараттық-коммуникативтік, ынтымақтастық технологиясын, проблемалық оқыту технологиясын пайдалануға болады.

Шығармашылық жұмыстың да маңызы зор. Бірақ шығармашылық жұмыс тек өзін-өзі жүзеге асыруға ғана мүмкіндік бермейді жеке тұлғаны қалыптастырады, сонымен қатар ұжымдағы жұмысқа қатысады, азаматтық қоғам алдындағы жауапкершілікті міндеттейді.

Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан-жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық құндылық деңгейін бақылап отыру – әрбір мұғалімнің міндеті.

Бүгінгі таңда басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

1. жас жеткіншек білім алушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

2. жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;

3. ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани мәдени мұраларды қастерлеу.

Жас жеткіншек бойындағы құндылық оның мәдениеттілігімен анықталады десек қателеспейміз. «Мәдениетті жасаушы – адам» деп Демокрит айтқандай, адам өзінің керегін қанағаттандыра отырып, мәдениеттің түрлерін жасаған. Мәдениет материалдық және рухани болып екіге бөлінеді. Рухани мәдениетке адамгершілік, көркемөнерлік, педагогикалық, діни және танымдық мәдениет жатады. Рухани мәдениеттің басты қызметі – ізгілікті қызмет, ал мақсаты – адамды жан-жақты тәрбиелеу десек, тіл – ұлттық мәдениетті игерудің аса маңызды құралы болып табылады.

Ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» демекші, менің тілім – анамның әлдиі, ол анамның айтқан бесік жыры болғандықтан, ата-бабамнан мирас болып келген асыл қазынамыз, ұлттық тілімізді, тәуелсіздігіміздің тұғырын сақтап қалуға міндеттіміз. Олай болса тілге құрметпен қарауды рухы мықты, өткенімізді саралап, болашағымызды болжай білетін ұрпақтың санасына сіңіруіміз қажет.

Қазақ халқының ғасырлардан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби музыкалық, кәсіби тұрмыстық фольклорлар арқылы жетіп отыр.

### **5 Қорытынды**

Қорыта келе, қазақ отбасында адам зиялылығының негізі ақыл-ой тәрбиесі деп есептеледі. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы баланы білім қорымен қаруландыру, негізгі ойлау операцияларын меңгерту, дүниетанымын қалыптастыру міндеттері шешіледі. Қазақ отбасында балаға тілі шығып, анық сөйлей бастаған кезден-ақ, ағайын туысты, нағашы жұртын, ата-тегін, руын, ел жұртын білдіруге ерекше көңіл бөлген. Әр бала атаның қанымен, ананың сүтімен келетін туа бітті қасиеттер сияқты ұлттық рухани құндылықтарды да ең алдымен отбасында ата-ананың тәрбиесімен бойына сіңіретіні анық [5]. Ел болып, ұлт болып қалуымыз үшін ұлттық тәрбиені отбасы ошақ қасынан бастағанымыз дұрыс деп ойлаймын.

Сол себепті де, ұрпағымызды осы кезден жақсы тәрбиелесек, ертеңгі күнімізге сеніммен нық қадам басуға болады деп айта аламын.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ахметжанова, Г.В. Современные проблемы теории и практики начального образования: монография /Ахметжанова Г.В., Воробьева Т.Г., Егорова Ю.Н. и др. Изд-во ТГУ, 2013. – 179 с.
2. Канунников, А.Д. Организация воспитательной работы в начальной школе //Завуч начальной школы. – 2004. – №4. – С. 10-11.
3. Нұрышева Г.Ж. Адам өмірінің философиялық мәні. – Алматы. 2001.
4. Ибраимова Л.Н., Абдикеримова П.Ж., Алиева П.С./ Қазақ отбасы тәрбиесі: Оқу құралы/ Тараз: ТарМПИ, 2016 – 160 б.
5. Сифуентес, Л. (с.ф.). Азаматтық құндылықтарға тәрбиелеу. Мәдениетаралық мектептер. Escuelasinterculturales.eu

*Материал редакцияға түсті: 04.10.2022*

### **БАЛТАБАЕВА, Ш.А. ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИАЛЬНО-ГРАЖДАНСКИХ ЦЕННОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ В СЕМЬЕ И ШКОЛЕ**

*В данной статье написано о социально-гражданских ценностях учащейся молодежи и способах и методах их формирования. Показана важность и ценность полученного в семье опыта для младших школьников, а также проанализирована значимость роли семьи и необходимость тесной связи семьи и школы. Отмечается, что велика роль семьи, воспитательной работы в школе, государства и общества в сохранении и защите политических, юридических и моральных прав молодежи.*

**Ключевые слова:** ценность, права человека, социально-гражданская ценность, семья, права, права человека.

BALTABAYEVA, SH.A.

#### FORMATION OF SOCIAL AND CIVIC VALUES OF YOUNGER SCHOOLCHILDREN IN THE FAMILY AND SCHOOL

*This article is written about the social and civic values of young students and the ways and methods of their formation. The importance and value of the experience gained in the family for younger schoolchildren is shown, and the importance of the role of the family and the need for a close relationship between the family and the school are analyzed. It is noted that the role of the family, educational work at school, the state and society in the preservation and protection of the political, legal and moral rights of young people is great.*

**Key words:** value, human rights, social and civic value, family, rights, human rights.

УДК 378.147.88

**Гончар, Н.А.**

магистрант 2 курса,  
специальность Педагогика и психология

**Утегенова, Б.М.**

кандидат педагогических наук,  
профессор кафедры педагогики и психологии,  
Педагогический институт им. У. Султангазина,  
Костанайский региональный университет  
им. А. Байтурсынова,  
Костанай, Казахстан

#### ИНФОРМАЦИОННО-ОБУЧАЮЩАЯ СРЕДА ВУЗА КАК ФАКТОР ЭФФЕКТИВНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ ОБУЧАЮЩИХСЯ

##### **Аннотация**

*Статья посвящена анализу феномена информационно-образовательной среды вуза как фактора организации самостоятельной работы обучающихся. В статье рассматривается феномен информационно-образовательной среды вуза, разграничиваются понятия «информационно-обучающая» и «информационно-образовательная» среда. Автор выражает свою точку зрения на взаимосвязь данных понятий. В статье дается обоснование актуальности изучаемого вопроса. В содержании статьи рассматриваются принципы и условия организации самостоятельной работы в рамках информационно обучающей среды современного вуза.*

**Ключевые слова:** цифровизация, информационно-обучающая среда, самостоятельная работа обучающихся, образование, обучение, адаптивность.

##### **1 Введение**

Интенсивное развитие цифровых технологий с конца XX века привело к постепенному видоизменению различных социальных институтов, в том числе образования. Так, человечество получило новые возможности для реализации своих устремлений. Сфера образовательных услуг благодаря глобальной информатизации и цифровизации обрела такие характеристики как: гибкость, мобильность, доступность, адаптивность. Согласно Ж.Ш. Байдилдаевой процесс информатизации включает в себя три взаимосвязанных направления (рис. 1). [1, с. 43]